


2025, 12 (3)

# Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2025  
© Авторлар ұжымы, 2025

#### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

#### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Әлімбаев Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

**Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

#### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

#### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Қубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

#### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Копеева Сания Жуматайқызы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025  
© Коллектив авторов, 2025

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2025  
© Group of authors, 2025

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Azimqulov Javohir** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kriege Viktor** — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Ohayon Isabelle** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Saburova Tatiana** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan  
 Asian Journal “Steppe Panorama”  
 Has been issued as a journal since 2014  
 ISSN 2710-3994.  
 Vol. 12. Is. 3, pp. 840-854, 2025  
 Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2025\\_12\\_3\\_840-854](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_840-854)

## COMMON ASPECTS OF THE NOMADIC LIFE OF TURKIC AND MONGOLS

*Syeitkhan Shynarbyek*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Institute of History and Ethnology of the Mongolian Academy of Sciences  
 (13, Enkhtayvan Ave., 13330, Bayanzurkh District, Ulaanbaatar, Mongolia)  
 Doctor of Philosophy (PhD) in History, Researcher  
 <https://orcid.org/0000-0003-3068-4418>. E-mail: [shynarbek20@gmail.com](mailto:shynarbek20@gmail.com)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025  
 © Syeitkhan Sh., 2025

**Abstract.** *Introduction.* Since ancient times, Turkic and Mongol communities have been nomads engaged in animal husbandry and agriculture. Both peoples share various cultural similarities and have been closely interconnected throughout history. The common cultures of the Turkic and Mongol communities are evident in archaeological excavations and remnants found in burial sites dating back to the Bronze Age and the Hunnic period. Moreover, historical sources written in Chinese, Persian, Turkic, and Mongolian languages provide information about the similarities in the steppe lifestyle and culture of the Mongols and Turks. *Goals and objectives.* Although the nomadic way of life and the culture of animal husbandry, once widespread among the Turkic and Mongolian peoples, are now disappearing worldwide, these traditions have gradually declined over time. This is largely due to herders moving to cities and adopting other occupations. The noticeable decrease in the number of people engaged in animal husbandry is one of the concerning issues. Therefore, we aimed to study the shared traditions of the Turkic and Mongolian peoples from a scientific perspective. *Results.* We hope that studying the common values and lifestyle of nomadic peoples in today's era of globalization will contribute positively to the preservation and promotion of fading nomadic culture and traditions. Moreover, it will undoubtedly play a role in strengthening the bonds of friendship and brotherhood between the nomadic Turkic and Mongolian peoples. *Conclusion.* Studying the shared values of the nomadic Turkic and Mongolian peoples – from Central Asia to the lands of Anatolia – is of great importance. These two closely connected peoples share many similar traditions and values. In this article, some common traditions and aspects of the nomadic lifestyle of the Turkic and Mongolian peoples have been analyzed from a scientific perspective.

**Keywords:** Turkic and Mongolian, nomads, tradition, animal husbandry, shared values

**For citation:** Syeitkhan Sh. Common aspects of the nomadic life of turkic and mongols // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 840–854. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2025\_12\_3\_840-854



## ТҮРІКТЕР МЕН МОҢҒОЛДАРДЫҢ КӨШПЕЛІ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ОРТАҚ ҚЫРЛАРЫ

Сейітханұлы Шынарбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Моңғолия Ғылым Академиясының Тарих және этнология институты,  
(13-үй, Энхтайван даңғ., 13330, Баянзүрх ауданы, Улаанбаатар, Моңғолия)  
Тарих ғылымдарының докторы PhD, ғылыми қызметкер.

 <https://orcid.org/0000-0003-3068-4418>. E-mail: [shynarbek20@gmail.com](mailto:shynarbek20@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сейітханұлы Ш., 2025

**Аңдатпа.** *Kipicne.* Түркі және моңғол қауымдары көне дәуірлерден бастап мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысқан көшпенділер. Екі халық та түрлі ортақ мәдениетке ие және тарих тұрғысынан да бір-бірімен тығыз байланысты. Түрік пен моңғол қауымдарының ортақ мәдениеттері ежелгі Қола дәуірі мен Ғұн дәуіріне қатысты археологиялық қазбалардан, қорымдардан табылған кейбір қалдықтардан көрініс табады. Сонымен қатар, қытай, парсы, түрік және моңғол тілдерінде жазылған тарихи деректерде моңғолдар мен түріктердің дала өмірі мен тұрмыс салты, мәдениеттерінің ұқсастығы туралы мәліметтер кездеседі. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері.* Дүниежүзінде ұмытылып бара жатқан көшпенділік өмір салты мен мал шаруашылығы мәдениеті түрік пен моңғол халықтары арасында бұрын кең таралған болса да, уақыт өте келе бұл дәстүрлер азайып, дала қойнауындағы малшылардың және ауылды жерлерден қалаға көшіп, басқа кәсіппен айналысуына байланысты көшпенді дәстүрдің жоғалып бара жатқандығын аңғаруға болады. Мал шаруашылығымен айналысатын малшылар санының да азайып бара жатқандығы бізді алаңдатқан мәселелердің бірі. Сондықтан түрік халықтары мен моңғолдардың ортақ дәстүрлерін ғылыми тұрғыдан зерттеуді мақсат еттік. *Нәтижелер.* Қазіргі жаһандану дәуірінде көшпенділердің ортақ құндылықтары мен өмір салтының зерттелуі ұмытылып бара жатқан көшпенді мәдениет пен дәстүрдің насихатталуына және дамуына да оң нәтижесін береді деп үміттенеміз. Сонымен қатар көшпенді түркі және моңғол халықтарының достық, бауырластық қарым-қатынасының нығая түсуіне де өз нәтижесін берері сөзсіз. *Қорытынды.* Орта Азиядан Анадолы топрақтарына дейін жеткен көшпенді Түркі және Моңғолдардың ортақ құндылықтарының зерттелуі – ерекше маңызды. Ежелден тығыз байланыста болған, бұл екі халықтың арасында бір-біріне ұқсас көптеген дәстүр, құндылықтар бар. Мақаламызда көшпенді Түркілер мен Моңғолдардың кейбір ортақ дәстүрлері, өмір салтының ортақ қырлары ғылыми тұрғыдан қарастырылып, талданды.


**Түйін сөздер:** Түрік және моңғол, көшпенділер, дәстүр, мал шаруашылығы, ортақ құндылықтар

**Дәйексөз үшін:** Сейітханұлы Ш. Түріктер мен моңғолдардың көшпелі өмір салтының ортақ қырлары // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 840–854 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2025\_12\_3\_840-854

## ОБЩИЕ ЧЕРТЫ КОЧЕВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ ТЮРКОВ И МОНГОЛОВ

Сейітхан Шынарбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии Академии наук Монголии,  
(д. 13, просп. Энхтайвана, 13330, район Баянзурх, Улан-Батор, Монголия)  
Доктор исторических наук, PhD, научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0003-3068-4418>. E-mail: [shynarbek20@gmail.com](mailto:shynarbek20@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сейтхан Ш., 2025

**Аннотация.** *Введение.* С древнейших времён тюркские и монгольские народы были кочевниками, занимавшимися скотоводством и земледелием. Оба народа обладают схожей культурой и исторически тесно связаны между собой. Общие элементы культуры тюрков и монголов прослеживаются в археологических раскопках и находках из захоронений, относящихся к Бронзовому веку и периоду Хунну. Кроме того, в исторических источниках, написанных на китайском, персидском, тюркском и монгольском языках, содержатся сведения о схожести образа жизни и культуры этих народов в степях. *Цель и задачи исследования.* Несмотря на то, что кочевой образ жизни и культура скотоводства когда-то были широко распространены среди тюркских и монгольских народов, сегодня эти традиции постепенно исчезают. Это связано с уменьшением числа пастухов, переселением сельского населения в города и сменой рода занятий. Сокращение числа людей, занимающихся скотоводством, вызывает у нас обеспокоенность. Поэтому целью настоящего исследования стало научное изучение общих традиций тюрков и монголов. *Результаты.* Мы надеемся, что изучение общих ценностей и образа жизни кочевых народов в условиях глобализации окажет положительное влияние на сохранение и популяризацию исчезающей кочевой культуры и традиций. Кроме того, это, без сомнения, будет способствовать укреплению дружбы и братских отношений между кочевыми тюркскими и монгольскими народами. *Выводы.* Исследование общих ценностей кочевых тюрков и монголов, распространившихся от Центральной Азии до Анатолии, имеет особую важность. Между этими двумя народами, с древности находившимися в тесных связях, существует множество схожих традиций и ценностей. В данной статье были научно рассмотрены и проанализированы некоторые общие традиции и схожие черты образа жизни кочевых тюрков и монголов.

**Ключевые слова:** Тюрки и монголы, кочевники, традиции, скотоводство, общие ценности

**Для цитирования:** Сейтхан Ш. Общие черты кочевого образа жизни тюрков и монголов // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 840–854. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994\_2025\_12\_3\_840-854

### Кіріспе

Түріктер мен моңғолдардың ең жақын ортақ құндылықтардың бірі – көшпенділік өмір салты болып табылады. Бұл ұғым, түрік тілінің ең ежелгі жазба деректерінде «гөч» және «көч» деп жазылады (Мерт, 2009: 180–182). Бұл ұғымға қатысты тағы бір термин «көшпенді» (қонар-көшер) сөзі. Моңғолиядағы Ұйғыр мемлекетінің (745–840) екінші билеушісі Моён Чор (747–759) VIII ғасырдың ортасында жаздырған Ұйғырларға қатысты Тариат (Терхин) жазуының батыс бетінде «көшпенді» (қонар-көшер) атауы берілген, бұл термин: («...мен өз жерімде және өз суларыма қарай осы өңірде қонар көчермін» / “...ol ybirkaç(i)m(i)n şub(u)m(i)ñ қоң(a)r көçbirkaçr bbirkaçn) (Tekin, 1982: 806–810; Mert, 2019: 182; Şahin, 2020: 17), - деп жазылған.

Түрік тілінде «оба», моңғолдарда «овог» деп аталатын ұғым – отбасынан сәл үлкенірек, өзара қандық байланысы бар туыстық құрылымды білдіреді. Обалар қыс, жаз, жайлау және күз арасындағы маусымдық көші-қон әрекеттері осы обалар жиі кездеседі (Şahin, 2020: 20). Анадолы түрікшесінде «көші-қон, оба» (göç-oba) сөзі «қонар-көшер» (konargöçer) яғни «көшпенді» ұғымына айналған. Бұл сөз Әзербайжан түрікшесінде «көшәри» (köçäri), Başkurtçada “”, “küskinsilär”, Kazakçada “köşpeli”, “köşpendiler”; Kırgızcada “köçmön”; Özbekçede “köçmānçi”; Tatar Türkçesinde “küçmä halık”; Türkmencede “göçmen”; Uygurcada “köçmān”; Rusçada “koç’evnik”, “koç’evoy”), башқұрт тілінде «күсмә халык» (küsmä halık), «күскүнсиләр», қазақ тілінде «көшпенділер», «көшпенділер», қырғыз тілінде «көшмөн» (köçmön), өзбек тілінде «көшмәнші» (köçmānçi), татар тілінде «күчмә халык» (küçmä halık), түрікмен тілінде «гөшмен» (göçmen), ұйғыр тілінде «көшмән» (köçmān), орыс тілінде «кочевник», «кочевой» деп аталады (Karşılaştırmalı, 1992: 278–279). «Көш» сөзінен туындаған

«көшер» сөзі бір орыннан екінші орынға көшу деген мағына береді. Моңғол тілінде де «көш» (nüüdel), «көшпенді» (nüüdelčin) деп айтылады.

«Көшпенді» (konargöçer) сөздігі мынадай мағына білдіреді: Өмір сүру үшін маусымдарға байланысты жайлау мен қыстауға алма кезек көшіп, тұрақты мекенге орнықпаған қоғамның өмір салты. Аңшылықпен, мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысатын тайпа (ру) тәрізді қауымдар негізінен көшпенді болып табылады (Ülken, 1969: 119; Karataş, 2017: 130). Түркі тектес халықтар арасында «көшпенді», «көшеревлі», «қонар-көшер», «көшер», - деп аталатын бұл қауымдар жыл бойы маусымдарға байланысты үнемі мекен ауыстырады.

Түрік тілінің ең ерте жазба деректерінде «адым басу», «алға жылжу» және «жүру» мағыналарын білдіретін «йор-/йөрү-» етістігінің соңына «-к» қосымшасының жалғануы арқылы пайда болған «йөрүк» терминіне алғаш рет XV ғасырда Анатолия түрікше жазбаларында кездеседі. Османлы дәуірінде «йөрүк» (yögük) терминінің қасында «түрікмен», «қонар-көшер», «көшер», «көшер-евли» (konargöçer, göçer, göçer-evli) және сияқты терминдер қолданылған.

Түркия ғалымы Бахаеддин Өгелдің пікірінше (Ögel, 1978: 1–3) түрік тілінде ең көп қолданылатын «қонаргөшер» сөзі «көш-оба» сөзінен немесе парсы тіліндегі «көш-аве» сөзінен шыққан деп есептеледі. Алайда бұл сөз қазіргі уақытта өзінің ескі және жақсы мағынасын жоғалтқан. Османлы дәуірінде «көшеревли», «көшкүн», «көшкүнджү» сөздері кең тараған. Орта Азия түрік тілдерінде «көшу» және «тасыну» сөздері де көп қолданылады. Ежелгі түріктер болса, осындай топтық көші-қон істерін «көчүрмек» деп атайтын, ал көшкен жерде әкімшілік тарапынан жасалған қоныстандыру істеріне «қондырмақ / қондыру» деп аталған.

«Йөрүк» – Анадолының түрлі өңірлерінде көшпенді өмір салтын ұстанған түріктерге берілген атау. «Йүрүмек» етістігінен шыққан «йөрүк» атауы «жүруші», яғни «кезуші» деген мағынаны білдіреді. Анадолыдағы түрік көшпенділерінің бір бөлігіне «йөрүк» деп қашаннан бері айтылғаны туралы бірнеше пікір бар. Бұл тұрғыда аталған термин XII ғасырдың екінші жартысында пайда болды деген пікірлердің қасында 15 немесе XVII ғасырда пайда болды дегендер де бар (Matsubara, 2012: 1). Анадолыдағы көшпелі қауымдардың соңғы өкілдері – Йөрүклер болып табылады. «Йөрүк» атауы Орта Азиядан Анадолыға қоныс аударған түрікмендердің бір бөлігіне берілген атау.

Моңғолдардың көшпенділік өмір салтына қатысты маңызды мәлімет беретін еңбектердің бірі – Б.Й. Владимирцовтың *Moğolların İçtimaî Teşkilatı: Moğol Konargöçer Feodalizmi* «Моңғолдардың әлеуметтік жағдайы: Моңғол көшпенділер феодализмі» атты еңбегі. Владимирцовтың пікірінше, XI ғасырда «орманды» моңғол тайпалары Байкал көлі маңында, Енисей өзенінің жоғарғы ағысында және Ертіс бойларында өмір сүрген. Дала қойшылары Кулун-Буйыр (Моңғолияның шығыс жағы) көлі мен Алтай тауларының оңтүстік беткейлеріне дейінгі кең далалар мен жайлауларда көшіп-қонып өмір сүрген (Vladimirtsov, 1995: 56–57). Осы мәліметке сәйкес, моңғолдардың XI ғасырда қонарқонер тұрмысын ұстанған қауымдар болғаны белгілі.

Владимирцовтың «орманды» деп атаған моңғол тайпалары жабайы аңдарды (балықтар да қоса алғанда) аулайтын аңшылар болған. Бұл тайпалар ешқашан орманнан шықпайтын, ағаш қабығынан жасалған жеңіл күркелерде (салаш) өмір сүруген. Ал далалық көшпенділер болса «киіз үйде тұратын тайпалар» еді. Орман тайпалары жабайы аңдарды, әсіресе марал, киік және қарақұйрықты қолға үйреткен, олардың еті мен сүтін пайдаланған. Сонымен қатар, олар орманда жүргенде үй заттарын маралдарға артқан, аттарды да тасымалдау мақсатында қолданған (Vladimirtsov, 1995: 34).

Осы мәліметтерге қарағанда, X–XI ғасырларда моңғолдар екі түрлі топтан құралған қоғам болғаны айқын: бірі – мал шаруашылығымен айналысқан көшпенділер, екіншісі – орманда аңшылықпен күн көрген тайпалар. Орман тайпаларының өз өмір ережелері мен тәртіптері болған. Ал далалық көшпенді моңғолдар мәдени және дәстүрлік жағынан түрік тектес көшпенді қауымдарға жақын. Олар малдың еті мен сүтімен тамақтанып, негізгі тіршілік көзі ретінде мал шаруашылығын ұстанған. Мал терісінен түрлі киімдер, тоқымалар жасаған, әр маусымда шөпті және суы мол жайылымдарға көшіп-қонып отырған. Көш кезінде ат, бұқа,

түйе секілді малдарды көлік ретінде қолданған. Бұл жайында Владимирцовтың еңбегінде (1995: 60–61) былай делінген: «XI – XIII ғасырларда өмір сүрген қонар-көшер (көшпенді) моңғол шопандардың басты кәсібі қой бағу және аңшылық болған; олар бір мезгілде көшпенді қойшы және аңшы болған, сонымен бірге экономикалық өмірінің негізі мал өсіру болған. Моңғол көшпенділері сиыр, қой, ешкі және жылқы өсірген; түйе Тола (Туул), Керулен (Хэрлэн) және Онон өзендері жағасында өмір сүрген моңғолдар арасында сирек кездескен. Шыңғыс ханның Тангут жорығынан кейін түйе көбейе бастаған. Дүние жүзінде мал шаруашылығымен айналысатын малшы басқа да халықтар сияқты, моңғол көшпенділері де қойларын жайылым іздеп жылына бірнеше рет жер ауыстырып, көшіп отырған.»

Қазіргі таңда да моңғолдар бұрынғыдай көшпенділік өмір салтын жалғастыруда. Малшылар малдарын өсіруге қолайлы жерлерге, өзен жағаларына және әр маусымға байланысты климаттық жағдайларға сәйкес берекелі топырақтарға көшеді. Түріктер сияқты жыл сайын барлық маусымда жайылым, қоныс ауыстырады. Моңғолдарда қыстау «өвөлжөө», көктемде баратын жер «хаваржаа», жайлау «зуслан» және күзеу «намаражаа» деп аталады. Осы тұрғыдан алғанда түріктер мен моңғолдардың «көшіп-қону» немесе «көшпенділік» ұғымдары мен дәстүрлері өте ұқсас.

Түркі халықтары көшпенді халық болғандықтан өмір салты, ауа райының қаталдығына сәйкес түрлі баспана (үй) қолданып келгендігін белгілі. Соның ішінде көшіп қонуға қолайлы «киіз үй» түркі халықтары арасында ертеден бері қолданылып келе жатқан ең басты «баспана». Әсіресе қазақтардың киіз үйлері туралы мәліметтер Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, М. Мұқанов, Х. Арғынбаев сияқты ғалымдар ғылыми еңбектерінде жазылған.

Моңғолияда тұратын және мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар да нағыз көшпелі өмір салтын ұстанады. Шығыс Түркістандағы қазақтар да соңғы уақыттарға дейін, яғни XX ғасырдың ортасына дейін Алтай тауларында көшпелі өмір сүрген. Олардың да негізгі күнкөріс көзі – мал шаруашылығы болғанымен, арпа, бидай және тары сияқты дәнді дақылдарды да өсірген. Алтайдың етегіндегі өзен бойларында орналасқан «қыстау» деп аталатын қыстық жерлерде (ыстық үй деп аталатын бөренеден салынған қыстық үйлерде) қыстың алты айын өткізетін. Көктемде сәуір, мамыр айларында мал төлдеу кезеңіне қолайлы жерлерге қоныстанып, маусым-шілде айларында жайлауға көшетін. Күзде, яғни тамыз-қыркүйек айларында (күзеу) күздік мекендерге қоныстанатын (Altay, 1981: 27).

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Түріктер мен моңғолдардың көшпелі өмір салтының ортақ қырлары туралы бірқанша тарихи деректерде белгілер бар. Көне Түркі және Ұйғыр мемлекеттері дәуіріндегі тастағы жазуларда түркі халықтарының көшпенді өмір салты болғандығы баяндалады. «Көшпенді» (қонар-көшер) сөзі ең алғаш Моңғолиядағы Ұйғыр мемлекетінің (745–840) екінші билеушісі Моён Чор (747–759) VIII ғасырдың ортасында жаздырған Тариат (Терхин) жазуының батыс бетінде кездеседі. Түріктер мен Моңғолдардың ұлы дала сахарасында көшпенді халық ретінде ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан туралы деректер IX ғасырда жазылған Қашқарлы Махмудтың *Divânü Lugâti't-Türk*, Юусуп Қас Қажибтың *Kutadgu Bilig*, В. Рубрук және П.Карпининның *Саяхатнама*-ларында және *Моңғолдың Құпия шежіресінде* белгілер бар. Осы еңбектердегі мәліметтерді салыстыра отырып Түркі және Моңғол халықтарының ортақ дәстүрлерін, құндылықтарын анықтауға болады. Бұл деректердің сыртында бірқатар ғылыми еңбектер бар. Атап айтсақ Б.Я. Владимирцов, В.В. Бартольд, В. Радлов, Халифа Алтай, Бұқат Базылхан, Бахаеддин Өгел, Ибрагим Кафесоғлы, Тунжер Байкара, Мехмет Тезжан, Ақеділ Тойшанұлы, Илһан Шахин, Шерафеттин Туран қатарлы ғалымдардың еңбектері маңызды.

Қазақстанда Түркі және Моңғолдардың ортақ дәстүрлерін салыстыра зерттеген ғылыми еңбек шамалы. Көбінде тілдік салыстырмалы зерттеулер жасалған. Алайда Түркі және Моңғолдардың ортақ дәстүрлерін салыстыра зерттеген еңбек жоқтың қасы. Біз мақаламызда көне тарихы деректер, саяхатнамалар және қатысты ғылыми еңбектерге талдаулар жасай отырып Түріктер мен моңғолдардың көшпелі өмір салтының ортақ қырлары зерделеуге ат салыстық.

## Талқылау

Адам баласы пайда болғаннан бастап өзін қорғау мақсатында үңгірлер мен кішігірім шатырларда (күрке) өмір сүрген. Көне шатырлар ағаштан жасалып, үстіне аң терілері ілінген. Шатыр адамдарды жыртқыш аңдардан, жел мен дауылдан қорғаған. Бұл мәдениет ғасырлар бойы сақталып, көшпелі түрік және моңғол халықтарының киізден жасалған шатырларда өмір сүру мәдениетіне дейін жетті. Түрік және моңғол халықтарының қолданатын шатырлары көбінесе «киіз үй» деп аталады, қазақ пен қырғызда «киіз үй», моңғолдарда «эгий гэр» деп аталады. Себебі шатырдың қаңқасы ағаштан жасалып, үсті киізбен жабылады. Моңғол тілінде киіз үй «гэр», орыс тілінде «кибитка» деп атайды.

Қазақтар киіз үйді көбінесе жаз және күз айларында пайдаланса, моңғолдардың кейбіреулері жыл бойы киіз үйде өмір сүреді. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі* атты энциклопедиялық еңбекте «киіз үй» былайша айқындалған: Киіз үй – көшіп-қонуға ыңғайлы болу үшін ағаштан құрастырылып, сырты киізбен жабылатын баспана, үй түрі. Құрылымдық жағынан қазақтың «Киіз үй» осы уақытқа дейін көшпелі халықтардың бірде біреуі асып түсе алмаған құрастырмалы, көшіп-қонуға ыңғайлы баспананың ең жетілдірілген түрі болып табылады (Әлімбаев, Уәли, 2012: 106). «Халық мұрасының бай да салтанатты қазынасын киіз үйден табуға болады. Шын мәнісінде, киіз үй – халықтың көне дүниетанымы мен байырғы түсініктері тоғысқан алтын қазық» (Тойшанұлы, 2009: 136).

Моңғолдардың өмір сүрген шатырлары туралы маңызды мәліметтер атақты саяхатшы Вильгельм фон Рубруктың «Моңғолдардың Ұлы ханына сапар» атты және Марко Полоның «Сапарнама» еңбектерінде жазылған. В. Рубрук көшпелі моңғолдар киіз үйлерде өмір сүретінен айтады (Rubruk, 2020: 43). Моңғолдар көшкенде немесе жорыққа шыққанда арбаға (тэрэг) ке тиеген. Рубрук былай дейді (Rubruk, 2020: 42): «Мен бір жорықта бұқа арбасының дөңгелектері арасындағы қашықтықты жиырма аяқ деп өлшедім. Арбаның алдында жиырма бес өгіз болды, олар қатарында бір уақытта он бір шатырды (киіз үйді) және олардың алдында он бір шатыр өлшеміндегі үлкен шатырды сүйреп келе жатты. Арбаның доңғалағы кеменің мачтасы сияқты үлкен болды. Арбаның үстіндегі үйдің кіреберісінде отырған бір адам бұқаларды айдап жүргізіп отырды». Бұл мәлімет моңғолдардың көшу кезінде өгіздерді қолдану арқылы дөңгелекті арбаларды қолданғанын дәлелдейді. Бұл дәстүр ерте кезден түрік халықтарында да кездескен. Қазақ даласында өгіз кейде мініс үшін және заттарды тасымалдау үшін қолданылған (Kostenko, 1880: 93–94).

Көптеген адам саны бар көшпелі топтар дәстүр бойынша бір керуен болып қозғалып, жаңа жерге қонатын. Осындай қоныстарда шатыр (киіз үй) саны жүзге дейін жеткен. Лагерь моңғол тілінде «хүрийэн», «гүрийэн» деп аталады, бұлар (моңғолша «айл») ауылдан құралған, яғни бірнеше көшпелі үйден құралады және жеке киіз үйлер мен арбалы үйлерден тұрады (Vladimirtsov, 1995: 61). В.Я. Владимирцов еңбегінде Рәшид ад-Диннің еңбегінен сәлтеме көрсете отырып, көптеген киіз үйлер далада шеңбер тәрізді орналасқан кезде «хүрэн» сөзі қолданылған (Vladimirtsov, 1995: 61). Қазіргі моңғол тілінде «хүрээ» сөзі осы шеңбер, дөңгеленген түрінде айналған мағынасын білдіреді.

Көшпелі аңшылар киіз үйлерде, яғни киізбен жабылған шатырларда тұрады; бұл шатырларды жинау және тігу оңай болған; мал бақпайтын орман тайпаларында мұндай шатырларды кездестіру мүмкін емес еді. Моңғол эпостарында батырлардың баспанасы сипатталғанда, шатырларының қаңқасы ағаштан емес, жабайы аңдардың сүйектерінен жасалғаны, үсті киіз емес, аң терілерінен құралғаны туралы мәліметтер бар (Vladimirtsov, 1995: 68). Бірақ бүгінгі моңғол шатырлары еуропалық саяхатшылар сипаттаған шатырлардан ерекшеленеді. Владимирцов бұл ерекшеліктерді төрт топқа бөледі:

- 1) орман аңшыларының қарапайым шатыры;
- 2) аң терілерімен жабылған шатыр;
- 3) еңселі шатыр;
- 4) қазіргі күнгі шатыр (1995: 68).

Бахаеддин Өгелдің пікірінше (Ögel, 2019: 188) түріктер мен моңғолдар тарих бойы және көптеген аймақтарда бір халық сияқты айтылған. Алайда түріктердің де, моңғолдардың да ежелгі дәуірлерден бері өзіндік мәдениеті мен дәстүрлері бар. Көне моңғол қауымдары (прото-моңғолдар) жақсы атқа мінген және садақпен атып, жауды жеңген (Ögel, 2019: 218, 230). Олар аң аулаған, малдарын су мен шөбі шүйгін жерлерге көшіп-қонып өмір сүрген. Тұрақты баспаналары жоқ. Үстіңгі жағы күмбез тәрізді шатырларда немесе үй тәрізді күркелерде тұрған. Үйлерінің есіктері шығысқа, яғни күннің шығатын жағына қараған. Олар күнде аң аулауға шығып, садақпен аң аулаған. Сонымен қатар, Б. Өгелдің еңбегінде ескі түрік пен моңғол мәдениеттерінің ұқсастығы мен айырмашылықтары талқыланады, ол былай дейді (Ögel, 2019: 230): Прото-моңғолдардың шатырлары түріктердегідей киізден жасалған. Үйдің есігін шығысқа қарату дәстүрі көне түрік дәуірінде де болған және бұл ежелгі түрік дінінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Халық мұрасының бай да салтанатты қазынасын киіз үйден табуға болады. Шын мәнісінде, киіз үй – халықтың көне дүниетанымы мен байырғы түсініктері тоғысқан алтын қазық. Қазақ киіз үйін Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, П. Маковецкий, Ә. Марғұлан, М. Мұқанов, В. Востров, И. Захарова, Х. Арғынбаев сияқты ғалымдар зерттеген (Тойшанұлы, 2009, 136). А. Тойшанұлының пікірінше этнограф Н. Шаханова қазақ киіз үйін символикалық тұрғыдан зерттеуге тұңғыш қадам жасаған. Ол, негізінен, шаңырақ пен бақанның таңбалық қызметін ауқымды талдап, киіз үйді ер мен әйелдің бірігуінің, өсіп-өнуінің рәмізі деген түйін жасаған (Тойшанұлы, 2009, 136).

Түрік пен моңғол халықтары арасында жылқы сүтінен «қымыз» жасау дәстүрі ертеден бері жалғасып келеді. «Қымыз» – Орта Азияда тұратын түрік халықтарының, соның ішінде қазақ пен қырғыздардың негізгі сусыны болып табылады. Түрік халықтарының ерте кезеңнен бері қымыз жасағаны және оны негізгі ішімдік ретінде пайдаланғаны туралы мәліметтер Юсуф Хас Хажибтің «Құтадғу білік», Қашқарлы Мұхаммед пен Деде Қорқыттың кітаптарында кездеседі. «Құтадғу білік» кітабында: «Қымыз – сүт немесе жүн, май немесе айран және ірімшікпен үйдің сәні мен мәні қамтамасыз етілетін (Yusuf Has Nacib, 2006: 764–765). «Диуан лұғат ат түрік» еңбекде «қымыз» сөзі: бие сүті күбінде ашытылады да, кейін ішеді деп түсіндіріледі. «Қымыз» – ашытылған бие (жылқы) сүті. «Қымыз алмыла»: қымызға ұқсас қышқыл алма дегенді білдіреді. «Ер қымызланды»: адам қымыз иесі деген мағынада (Қашқарлы Mahmud, 2005: 424). Деде Қорқыт кітабында «қымыз» – қоюланған жылқы сүті, «қымыз сауғызу» – қымыз жасау үшін бие сауу деген мағынада (Gökyay, 2007: 349).

Б. Өгелдің пікірінше, «қымыз» жасау дәстүрі протомоңғолдарда да болған. Шығыс елдерінің тарихында былай делінген: Протомоңғолдардың тағамы – ет пен ашытылған сүт (яғни қымыз) (Ögel, 2019: 230). «Қымыз» – моңғолдардың негізгі ішімдігі. Жазда қымыз көп ішетіндіктен басқа тағамға көңіл бөлмейді. «Қымыздан» басқа моңғолдар қыста күріштен, жүгеріден, бидайдан және балдан шарап сияқты өте жақсы ішімдік дайындайды. Сондай-ақ, алыстан шарап та тасымалдайды (Rubruk, 2020: 46). Моңғолдарда «қымыз» қалай жасалатындығы туралы Рубруктың *Саяхатнама* кітабында былай жазылған: Жылқы мен тай сүтінен қымызды былай дайындайды: Жерге қадап қойған екі қазыққа желі тартады. Сағат тоғыз шамасында құлын-тайларды желіге байлайды. Егер бие саумалды аз берсе, бір адам құлынды жанастырып, аздап емізу арқылы иітеді. Сауылған бие сүті үлкен тері сабаға немесе ұқсас ыдысқа құйылады да, арнайы піспекпен пісіліп майы сүзіліп алынады. Саумал ашып, қымыз болады. Осылай бие сүтін (саумал) өңдеп қымыз қылып ішеді (Rubruk, 2020: 48–49). В. Рубрук Батудың сарайында өте көп қымыз тұтынылғанын айтады: Батудың қолбасшылығында 30 қызметші болған екен, әрқайсысы оған күніне жүз биенің саумалы жіберілген (Rubruk, 2020: 49). В.Я. Владимировтың еңбегінде: моңғолдардың киіз үйінде (шатырында) сүт (жылқы сүті) болған, түн бойы таң атуға дейін «қымыз» жасалады. Далада өмір сүретіндердің ең жақсы ішімдігі – жылқы сүті және одан жасалған қымыз (Rubruk, 2020: 105, 181).

Түріктер мен моңғолдарда «қымыз» көбінесе жаз мезгілінде ішіледі. Әдетте, көктем мен жазда қымыз жасалады. Алтай қазақтарының «қымыз» жасау дәстүрі туралы Халифа Алтайдың еңбегінде былай баяндалады (Altau, 1981: 124–127): алдымен жылқы шаруашылығы ыңғайлы жерге жеткізіледі. «Құлындар» (тайлар) бір-бірлеп ұсталып, басына өрген «ноқта» салады да, жерге қадап қойған «желіге» қатарлап байланады. Бұны «бие байлау» дейді. Сауылатын биенің «құлындары» жанастырылады, сауыншы оң жағында отырып сауады. Ер мен әйел барлығы сауа береді. Кейбір тарпаң жылқыларды бүкпелеу арқылы сауылады, бұны «күнде» дейді. Таңғы сағат ондарда құлындар байланады, күніне бес рет сауылып, кешке қарай босатылады.

Жылқы сүтіне «саумал» дейді. Биелерден сауылған сүтті сиыр терісінен арнайы жасалған аузы тар, түбі кең «саба» деп аталатын ыдыстарға құяды. «Сабаның» аузы мықтап байланған соң, ағаштан жасалған, кейде күміспен безендірілген «піспек» деген құралмен саумалды піседі (Altau, 1981: 125). Қаншалықты көп шайқаса немесе пісілсе соншалықты қоюлайды. Осылайша жылы күйінде бір-екі күнде қышқыл дәмді «қымыз» дайын болады. «Қымыз» денсаулыққа өте пайдалы. «Қымыз» тек сусын ғана емес, сонымен бірге тағам да болып табылады. Жылқы сүтінің бір ерекшелігі — майсыз болуы, яғни жылқы сүтінде басқа жануарлар сүтіндегі май болмайды.

Жалпы, моңғолдар мен қазақтарда қымыз жасау әдістері ұқсас. Қазақтар жаңа сауылған таза жылқы сүтін «саумал» деп атайды. Моңғолдар тай сүтіне «гүүний сүү» және «қымыз» (айраг) деп атайды. Моңғолия мен Қазақстанда да Халифа Алтайдың айтқанындай «қымыз» жасау тәсілі Алтай қазақтарымен бірдей. Қазақтарда «қымыз» көбінде «тегене» деп аталатын ағаштан жасалған, үлкен тостағанға құйылып, қымыз ожаумен үздіксіз араластырылады, бұған «қымыз сапыру» дейді (Altau, 1981: 127). Кейін шыныларға құйылып, дастарқандағыларға беріледі. Қымызды ұзақ уақыт ішеді де, күндізгі уақытта қымызбен бірге қайнатылған ет жейді. Моңғолдарда «қымыз» жасау дәстүрі және оны ұсынуы қазақтармен бірдей.

Далада өмір сүретін көшпелі түркілер мен моңғол халықтары үшін түйе өте маңызды болған. Түйені негізінен жүк тасымалдау мақсатында пайдаланған. Қазіргі таңда Моңғолия мен Орталық Азиядағы түркі халықтары арасында түйелер жүк тасымалдау үшін емес, ет пен сүтін қолдану үшін пайдаланылады. Көшпенділер ғасырлар бойы жайлауға және қыстауға маусымдық көшумен байланысты өмір салтын ұстанған. Көктем келісімен жайлауға, күз соңында қыстауға қоныс аударған. Осылайша, малдарға шөбі мол жайылымдар табу үшін үнемі көшіп, көбінесе түйе мен атпен тасымалданған. Орталық Азиядан Анадолияға дейін көшпелі өмір салтын ұстанған немесе мал шаруашылығымен айналысқан шопандар саны уақыт өткен сайын азайып бара жатқандығы байқалады. Анатолиядағы малшылар туралы бірқатар ғылыми зерттеулер бар. М. Актың еңбегінде Анатолиядағы Ешкі шопандары Торос тауларындағы шөп пен суы мол салқын жайлауларға көктемдік маусымда көшіп, жазды сонда өткізетіндігі айтылады. Малшылар арасында бұл көшпелі өмір салты ғасырлар бойы жалғасып қой, ешкі, ірі қара малдарды бағу, екінші жағынан ат, есек, түйелер жүк артып, көктемде жайлауға, күзде қыстауға көшумен жалғасқан (Ак, 2022: 267). Түріктер «қоныс аудару» сөзін көбінесе өз үйлеріне жақын аумақтарға бару және қайту мағынасында қолданады. «Ұлы көш» жаңа жерлер іздеп, мекен ету мақсатында қолданылады.

Моңғолия мен Алтай қазақтары арасында, әсіресе таулы аймақтарда өмір сүретін шопандар үшін түйе өте маңызды. Қазақтар таулы аймақтарда тұратындықтан көшу кезінде түйеге мұқтаж болған. Орталық Азияның көптеген аймақтарында екі өркешлі түйелер өсіріледі. Олар суыққа төзімді, көбірек жүк көтере алатын жануарлар. Алайда қазіргі уақытта Моңғолия қазақтары арасында түйе саны азайып, көшу кезінде пайдаланылмайды. Шопандар таулы аймақтарға көшкенде Ресейдің «Зил 130», «Зил 131», «Газ 66» сияқты жүк көліктерін қолданады.



1-сурет. Қазақтардың түйелі көші. Қалиакбар Үсемхановтың түсірген фотосы  
[Fig. 1. Kazakh camel migration. Photo by Kaliakbar Usemkhanov]

Түйе Орталық Азиядағы түркі халықтарымен бірге Анатолияның көптеген аймақтарында да көш кезінде пайдаланылады. Түркмендер немесе жылқышылар малдарына жақсы жайылым табу мақсатында түйелерге жүктерін артып, жайлаудан күздік және қыстық орындарға көшеді. Малшылардың көшуінде түйелер өте маңызды (Окса, Geңç, 2017: 226–228). Көшудің ең маңызды символы түйелер болып табылады (Окса, Geңç, 2017: 47). Түркияда малшылардың көп шоғырланған Мерсин, Қараман, Қонья, Мұғла, Айдын, Анталия, Бурса, Денизли және Измир аймақтарындағы малшылар әлі түйемен көшеді. Өткен және қазіргі малшылардың өмір салтын зерттегенде түріктер мен моңғолдар үшін «түйемен көшу» ортақ бір дәстүр болып табылады.



2-сурет. Түркияның Ыспарта маңындағы көшпенділер (Geңç, 2020: 12–13)  
[Fig. 2. Nomads near Isparta, Turkey (Geңç, 2020: 12–13)]



Жүк тасымалдауда маңызды рөл атқаратын түйелер барлық жүктерді бір жерден екінші жерге жеткізуде таптырмас құрал болған. Түркмендер, қазақтар және қырғыздар арасында әлі де маңызды. Азия түйелері суыққа төзімді, екі өркешлі болады (Ваукара, 2009: 126).

Моңғолдар ертеден бір орыннан басқа орынға көшу үшін түйелерді қолданған. Азия мен Еуропаны байланыстыратын сауда жолы немесе Ұлы Жібек жолының дамуының негізінде түйелер мен түйе керуендері болғаны белгілі. Шыңғыс хан дәуіріндегі Моңғол империясы осы Ұлы Жібек жолының дамуына маңызды ықпал еткен және XIII ғасырда Моңғолияда «Түйе Жүгі Министрлігі» (Тэмээ ачааны яам) құрылды. Бұл министрлік ұзақ қашықтыққа жүк тасымалдауда, соғыста қару-жарақ тасуда және соғыста қолға түсірген бұйымдарды тасуда маңызды қызмет атқарған.

Екі өркешлі түйелер Моңғолияның Гоби шөл аймағында көп өсіріледі. Себебі, Гобидің табиғаты мен климаты түйелер үшін қолайлы. Сонымен қатар екі өркешлі түйелер Қытайдың Солтүстік Гобиді (шөлі), Моңғолия, Халимаг, Қырғызстан және Қазақстан аумақтарында өсіріледі. Түйелердің екі өркешлі болуы суық қыс пен көктемде денелерінде майды көп жинап, оны жылу көзі ретінде пайдаланумен байланысты.



3-сурет. Моңғолдардың түйемен көшу кезіндегі көрінісі  
(Фото: Б. Баяр, Моңғолия, Увс аймағы, Улаанбаатар) // URL: <https://ikon.mn/p/c8d>.  
Қолжетімділік: 28.05.2024.

[Fig. 3. The appearance of Mongols during the migration by camel  
(Photo: B. Bayar, Mongolia, Uvs region, Ulaanbaatar) //  
URL: <https://ikon.mn/p/c8d>. Accessed: 28.05.2024]

Көлік жолдары мен темір жол дамымаған Моңғолияда түйелер жақын жылдарға дейін кеңінен қолданылған. Түйелер халық үшін қажетті мал. XXI ғасырдың басына дейін моңғол шопандары көшкенде тек түйелерді тасымалдау үшін пайдаланған. Қазіргі уақытта да Моңғолияның таулы аймақтарында кейбір халықтар көшкенде түйелерге мұқтаж болғанымен, түйе саны жыл сайын азаюда. Елдегі түйе қоралары 1953 жылы 895,300 түйеге жеткенімен, 2012 жылы 300,000-ға дейін төмендеген. Түйе санын азайтуға көптеген себептер бар, бірақ бұл негізінен шопандардың тасымал қажеттілігінің және міну қажеттілігінің азаюына байланысты.

Осылайша, түркілер мен моңғолдар ежелден қазіргі уақытқа дейін түйені көп түрлі қажеттіліктері үшін пайдаланған. Түйемен тасымалдау, ет пен сүтін пайдалану дәстүрі екі халықта да кең таралған. Түйе ғасырлар бойы бұл екі халық үшін тек экономикалық

тасымалдау құралы ғана емес, шипалы сусын алу үшін де маңызды мал болған. Түріктер түйе сүтіне «қымран» немесе «шұбат» деп ат берген. «Шұбат» – қазақша түйе сүті. Моңғолдар түйе сүтін «хормог» немесе «ингений сүү», - деп атайды. Түйе сүтін түркілер мен моңғолдар арасында көп пайдалану себебі – сүтте протеиндер, май қышқылдары және витаминдер көп болуы. Түйе сүті емдік сусын және А, Е, С, В тобы витаминдерін қамтитын маңызды азық.

Моңғол тілінде «хадаг» сөзі «қадірлеу» немесе «құрметтеу» мағынасын білдіреді. Ю.Цэвээлдің Моңғол тілінің қысқаша сөздігінде: «Хадаг» сөзі «құрмет пен қонаққа арналған» арнайы тоқылған мата ретінде қолданылады (Цэвээл, 1966: 640). Бірақ «хадаг» сөзі Моңғолдардың *Құпия шежіресінде* кездеспейді. Бұл сөз XIII ғасырда Қытай мен Тибет арқылы үнді тілінен моңғол тіліне енген деген болғам бар. Жалпы мағынасы – моңғолдар ежелден қадірлейтін және ерекше сый ретінде ұсынылатын мата. Моңғолдар таңғы көкжиектің ақ түсін аспанның нақты түсі деп есептеген. «Хадаг» сөзі осылай пайда болған деген түсінік бар. «Хадаг» көбінесе көк (аспан) немесе ақ түсті болады, себебі бұл жеңілдік, жұмсақтық пен сұлулықтың символы. Мысалы, қыз ұзату кезінде, тойға келгенде, Құдайға сыйынғанда, үй иесіне сыйлық бергенде немесе жаңа үй салғанда немесе мүлік сатып алғанда оған «хадаг» байланады. Хадагтың бес негізгі түсі бар: көк, жасыл, қызыл, сары және ақ.

Моңғолия қазақтары да мал таңбалағанда «таңба темір» (таңба құралы) басына моңғолдардың «хадаг» сияқты «ақтық» деп аталатын ақ мата байлау дәстүріне ие (Карамендина 2021: 79). Қазақтарда жаңа зат, көлік, үй сияқты мүлік сатып алғанда оған «ақтық» байлау дәстүрі бар. Қазақтар құлындарды «қымыз» дайындау үшін ұстаса, «биебау» деп аталатын желіге «ақтық» байлау дәстүрі бүгінге дейін сақталған. Сонымен қатар қазақтар малды таңбалағаннан кейін «таңба темір» басына «ақтық» деп аталатын ақ мата орап, оны биікке немесе аяқ баспайтын жерде сақтайды. Алайда, өкінішке қарай, Қазақстан мен басқа елдерде тұратын қазақтардың әлеуметтік қатынастары өзгерген соң бұл дәстүр біртіндеп ұмытылып барады.

Түріктер мен моңғолдарда үйленген, жаңа отбасы құрған ұлына әкесі «енші» немесе мұра ретінде өзінің үлесін береді. Қазақтар оны «енші» деп атайды. Бұхат Базылханның этимологиялық сөздігінде қазіргі қазақ тіліндегі «хадаг» сөзі ежелгі моңғол тіліндегі «инчи», халх моңғолында «инж» деген сөзбен түсіндіріледі: «белгіленіп берілген мал» мағанысында қолданылады (Бұхат, 1973: 70).

«Енші» ұлдарға олардың қалауы бойынша емес, әке мен ана тарапынан беріледі. «Енші» мөлшері нақты белгіленбеген, малдан бөлек заттар, жылжымайтын мүлік немесе құнды алтын, күміс сияқты қазыналар да болуы мүмкін. Алайда «енші» ретінде берілген малға жеке «таңба» қойылмайды; тек «ен салу» (таңба салу) салынады немесе таңбаға қосымша белгілер қосылады. Түріктердің ежелгі дәстүрінде де, қазақтарда да отбасының ең кішкенесі яғни кенжесі әке ошағын иемденеді. Бұл ежелгі түріктердегі «оттигин» (“ottigin”) дәстүрінің жалғасы іспеттес.

Қазақтардың ұлдарына «енші беру» дәстүрі туралы У. Радлофтың еңбектерінде де мәліметтер бар. «Бай қазақ өмір бойы үлкен ұлдарын тәуелсіз етуге ұмтылады және осы мақсатта малының көп бөлігін үлкен ұлына береді, егер оның қыстауы тар болса, оған жаңа жер сатып алады. Қыстауы жеткілікті үлкен болса, мал қорынан ұлдарына тиесілі еншілерін бөліп бергеннен кейін арнайы қыстау жерлер беріледі» (Radloff, 1976: 194).

Әкеден ұлына «енші» берілгенде ендері де белгіленеді (Карамендина, 2021: 88). «Ен» – бұл айрықша белгі және малдың құлағына кесу, ойып салу немесе тіліп қою арқылы қойылатын құжат болып табылады. Әр рудың, ауылдың және отбасының өзіндік ерекше ендері болады. Қазақ дәстүрінде «Қарашаңырақ» руынан жаңа отбасы бөлінгенде малдарына жаңа «ен» салынады. Яғни, үйленген, жаңа отбасы құрған жастардың малдарына жеке «ен» салынады.

Түріктер мен моңғолдарда «инчү» және «ен» сөздерінің тығыз байланысы белгілі. Әсіресе XIII–XIV ғасырларда Илханлы мемлекетінде кең қолданылған «инчү» сөзі «ин» немесе «ен» сөздерімен байланысты. Алғаш рет Ұйғырлар дәуірінде (XIII ғ.) құқықтық құжаттарда кездескен бұл термин Ұйғырларда «мири, ортақ мүлік» деген мағынада болған.

Шағатай, Бараба, Телет және Алтай диалектілерінде де кездесетін бұл термин «емлак-и шахане», «жиһаз», «мирас», «мемлук» сияқты әртүрлі мағыналарға ие болған (Tezcan, 1990: 121).

«Инчү» сөзі моңғолдарда (Илханлылар дәуірінде) де қолданылған. «Инчү» терминінің моңғол тіліндегі «инче» сөзінен шыққаны айтылған (Бартольд, 1951: 258; Tezcan, 1990: 121). Моңғол дәуірінде белгілі «инчү» (=бір ханға тиесілі өңір) термині де осы «ин» сөзімен байланысты (İnan, 2020: 263). Гродековтың зерттеуінде Қырғыздарда әкелер өз балаларына өз билігін құру мақсатында «мүлік пен байлықтан берілетін үлес» мағынасында қолданылатын «инчи» сөзінің «инчи» және «енші» түрлерінде айтылатыны және мағынасы «үлес ретінде бөлінген малға салынған белгі» ретінде берілген (Tezcan, 1990: 121). Қазақтар үйленген қызына «төсек-орын» ретінде дәстүрлі тұрмыстық заттар немесе кейде мүлік пен құнды қазына береді. Қыздың отбасынан күйеу жаққа мал берілсе, оған күйеу жақтың ен-таңбасы салынады.

«Енші» сөзі моңғол тілінде «хувцаа» сөзімен синоним болып келеді. Яғни, моңғолдар да түркі халықтары сияқты жаңа отбасы құрған немесе үй болып, отау құрған ұлдарға «енші», «инчи» (үлес) беру дәстүріне ие. Моңғолдарда да «инчи» ретінде берілген малдарға арнайы «ен-таңба» салынады. Бірақ әке немесе ру ен-таңбасының тұрақты сақталуы міндетті болып есептеледі.

### Нәтижелер

Түркі және моңғол халықтары – Орта азиядан, Анадолыға дейін кең алқапты иеленіп билік құрды. Ұлы далада мыңдаған жылдар бойы көшпенді халық ретінде өмір сүрген, көшпелі өркениетінің негізін қалады. Бұл халықтардың өмір сүру салты, қоғамдық құрылымы, дүниетанымы мен тұрмыстық дәстүрлері ғасырлар бойы ұқсас географиялық және экологиялық жағдайларда дамып, бір-біріне жақын тарихи тағдыр мен мәдени ықпалдастықтары арқылы өзара сабақтасып келді.

Аталған ортақтықтар, әсіресе, көшпелі өмір салтының негізгі болған мал шаруашылығына негізделген тұрмыс, көшпенділікке бейімделген киіз үй мәдениеті, маусымдық қоныс аудару (жайлау, күзеу, қыстау), әлеуметтік құрылымдар мен әдет-ғұрып болып табылады.

Бұл мақалада түркілер мен моңғолдардың көшпелі өмір салтының тарихи-этнографиялық байланыстары баяндалады. Екі ұлтқа тән көшпелі тұрмыс үлгісінің негізгі ұғымдары ғылыми тұрғыдан талданып, тарихи дереккөздер мен этнографиялық мәліметтер негізінде сарапталумен қатар өзара сабақтастығы мен ықпалдастығы талданды.

Ғасырлар бойы ұлы дала төсінде көшпенділік өркениетін қалыптастырған Түркі және Моңғол халықтарының ортақ құндылықтарының зерттелуінің нәтижесінде екі халықтың тарихи тамырлас, ортақ құндылықтарға ие екендігі айқындалды.

Бүгінгі таңда әлем бойынша ұмыт бола бастаған көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығы мәдениеті – бұрын қазақ және моңғол халықтары арасында кең таралғанымен, уақыт өте келе азайып, адамдардың ауылдан қалаға көшуі арқылы негізінен қалалық өмірге бет бұра бастағанын байқаймыз. Мал шаруашылығымен айналысатын шопандар санының азаюымен бірге, көшпелі өмір салтына тән ортақ дәстүрлердің де біртіндеп ұмытыла бастайтыны – алаңдататын жайттардың бірі. Сондықтан, түркі дүниесі мен моңғолдардың ортақ дәстүрлерін ғылыми тұрғыдан зерттеу аса маңызды. Жаһандану дәуірінде мұндай ортақ дәстүрлердің зерттелуі – көнеден келе жатқан дәстүрлерін ұмытып бара жатқан көшпелі халықтардың тарихи санасын қайта жаңғырту тұрғысынан да маңызды болып саналады. Ғылыми мақаланың нәтижесінде түрік және моңғол халықтарына тән мәдени мұраның ортақ жақтары, әсіресе Түрік пен Моңғолдардың «Көшпелі өмір салтының Ортақ Ерекшеліктері» ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырылды.

Түрік және Моңғол халықтарына тән мәдени мұраның ортақ қырлары жөнінде жүргізілген академиялық зерттеулер өте аз. Бұрынғыдан бүгінге дейін түріктер мен моңғолдардың ортақ құндылықтары мен ерекшеліктеріне қатысты Түркияда да,

Моңғолияда да жан-жақты ғылыми зерттеу жүргізілмеген. Осыған байланысты, бұл мақаламызда түрік және моңғол халықтарының мәдени мұрасының ортақ қырларын ғылыми тұрғыдан қарастырып, к зерттеу мақсат етілген.

Моңғолиядан Анадолыға дейінгі ұлан-ғайыр кеңістікте бүгінгі күнге дейін әртүрлі зерттеулер жүргізілгенімен, әлі де зерттеуді қажет ететін көптеген тарихи мәселелер бар. Бүгінге дейін тың қалып, терең зерттеуді талап ететін маңызды тақырыптардың бірі – түрік пен моңғол халықтарының мәдени мұрасының ортақ қырлары. Бұл мәселені жан-жақты зерттеу бүкіл Түркі дүниесі мен Моңғол халықтарының ортақ құндылықтары, тарихы және мәдениеті тұрғысынан үлкен маңызға ие.

### **Қорытынды**

Түркі және моңғол тайпалары ерте кезеңдерден бастап мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі қауымдар болып табылады. Екеуі де маусымдарға қарай көктемде жайлауға, жайлаудан күзеуге, күзеуден қыстауға көшіру арқылы малдарын шөбі мен суы мол жайылымдарда баққан.

Мал шаруашылығымен айналысатын қауымдар үнемі көшу жағдайында болғандықтан «көшпенді» немесе «көшпелі» ұғымдары пайда болды. Түркі халықтарында «қонып көшетін», «қонар-көшер» және «көшпенді» сөздері бір мағынада, яғни «көшпелі өмір салты» дегенді білдіреді. Сондықтан бұл мақаламызда ғылыми әдебиетте кеңінен қолданылатын «көшпелі өмір салты» терминін көбірек қолдандық. Сонымен қатар, бұл сөз қазақтарда «көшпенді», қырғыздарда «көшмөн», анадолы түріктерінде «йөрүк» және моңғолдарда «нүүдэлчин» сияқты әртүрлі атаулармен қолданылатыны белгілі.

Түркі және моңғол халықтарының көптеген ортақ мәдениеті бар және тарих тұрғысынан да бір-бірімен тығыз байланысты. Түркі және моңғол тайпаларына тән ортақ мәдениеттер ежелгі қола (бронза) дәуірінен бастап, Құнн дәуірлеріне дейінгі археологиялық қазбалар мен қорымдардан табылған қалдықтар арқылы анықталады. Бұл археологиялық зерттеулер мен белгілі деректерге қарағанда, түркілер мен моңғолдардың далалық өмір салты, көшпелі тұрмысы мен мәдениеті ұқсас екендігі байқалады.

Осылайша, түркілер мен моңғолдардың көшпелі өмір салтының ортақ ерекшеліктері мал шаруашылығы мәдениетінен туындағанын айтуға болады. Тарихи деректерде түркілер мен моңғолдардың ерте кезден мал шаруашылығымен айналысқаны жазылған. Олар орман немесе далада үнемі көшіп жүріп, аңшылық пен мал шаруашылығымен айналысқан. Малдың етін, сүтін тамақ ретінде пайдаланған, терісін киім ретінде қолданған, шағын киіз үйлерде тұрып, түрлі қауіп-қатерлерден қорғанған. Малдың ішінде ең көп жылқы өсірілген. Оның себебі – жылқының қысқа мерзімде ұзақ жол жүруге және соғыс кезінде үстемдік беруге мүмкіндік беруінде. Көптеген ғылыми еңбектерде түркілер қой, жылқы, түйе, ешкі өсіргені жазылған. Орта Азия түркілерінде бұл төрт түрлі мал «төрт түлік» деп аталған. Кейде қой мен ешкі бір топқа біріктіріліп, жылқы, түйе, сиыр (қой мен ешкі, жылқы, түйе, сиыр – бес түлік) деп есептеледі. Дегенмен, деректерде сиыр өсірілгені туралы мәліметтер сирек кездеседі. Алтай және Моңғолия қазақтары арасында «бес түлік» мал түсінігі бар. Қазақтар ірі қара малға «ірі қара», шағын малға «ұсақ мал» деп атайды. Моңғолдарда да түркі халықтарындағыдай «таван хошуу» (бес түлік) мал түсінігі бар. Бұлар жылқы, түйе, сиыр, қой және ешкі болып бөлінеді. Сондай-ақ, ірі қара мал (жылқы, түйе, сиыр) «бод мал», ұсақ малдарды (қой мен ешкі) «бог мал» деп атайды.

Біз мақалада түркілер мен моңғолдардың көшпелі өмір салтының ортақ ерекшеліктерін талқылау үшін алдымен мал шаруашылығы мәдениетін негізге алып, олардың киіз үйлері, «қымыз» жасау дәстүрі, көші-қон, түркілердің «аһтық», моңғолдардың «хадаг» байлау дәстүрі, жаңа отбасы болып үй құрғандарға (үйленген ұлдарға) «енші» (үлес) беру сияқты ортақ салт-дәстүрлеріне тоқталдық. Бұл түркілер мен моңғолдардың ортақ дәстүрлерін ғылыми тұрғыдан зерттеу өте маңызды. Себебі, жаһандану дәуірінде мұндай ортақ дәстүрлерді зерттеу, көне дәстүрлері ұмытылып бара жатқан көшпелі қауымдардың санасын қайта жаңғыртуға үлес қосады.

**Әдебиеттер тізімі**

- Әлімбаев, т.б., 2012 — *Әлімбаев Н., Уәли Н., т.б.* Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, Алматы: РІПК «СЛОН», 2012.
- Бұқат, 1973 — *Бұқат Б.* Қазақ және моңғол тілінің салыстырмалы тарихи грамматикасы, Өлгий, 1973.
- Карамендина, 2021 — *Карамендина М.* Қазақ халқының таңбалары және ұрандары. Алматы: Арыс, 2021.
- Тойшанұлы, 2009 — *Тойшанұлы А.* Түрік – Моңғол Мифологиясы, Алматы: Баспалар Үйі, 2009.
- Цэвээл, 1966 — *Цэвээл Я.* Монгол хэлний товч тайлбар толь, Улаанбаатар: Улсын Хэвлэл, 1966.
- Ак, 2022 — *Ак М.* Теке Yörükleri (1800–1900). Ankara: TTK, 2022.
- Altay, 1981 — *Altay H.* Anayurttan Anadolu'ya. Kültür Bakanlığı, 1981.
- Barthold, 1951 — *Barthold W.W.* Die persische Inschrift an der Mauer der Manucehr-Moschee zu Ani, Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft, 1951. Pp. 241–269.
- Baykara, 2009 — *Baykara T.* Türk Adının Anlamı. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 2009.
- Ercenek, 1996 — *Ercenek G.* Antalya Bölgesi Yörükleri Göç Yolları, I. Akdeniz Yöresi Türk Toplulukları Sosyo-Kültürel Yapısı (Yörükler). [Sempozyumu Bildirileri], 25–26 Nisan 1994 Antalya, içinde. Ankara: Kültür Bakanlığı, 1996. Pp. 133–138.
- Eröz, 1991 — *Eröz M.* Yörükler, İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, 1991.
- Gökyay, 2007 — *Gökyay O.Ş.* Dedem Korkudun Kitabı. İstanbul: Kabalıcı, 2007.
- İnan, 2020 — *İnan A.* Altayda Pazırık Kazısında Çıkarılan Atların Durumu Türklerin Defin Törenleri Bakımından Açıklama, Makaleler ve İncelemeler, C. II, içinde. Ankara: TTK, 2020. Pp. 261–268.
- Karataş, 2017 — *Karataş, M.* Göçerevlilik ve Yerleşiklik Bağlamında Selçuknâme'deki Kültür Unsurları, C. XLII. Tübar, 2020. Pp. 127–170.
- Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü I, 1992 — *Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü I.* (A.B. Ercilasun vd. Çev.), Ankara. Kültür Bakanlığı, 1992.
- Kâşgarlı Mahmud, 2005 — *Kâşgarlı Mahmud.* Divânü Lugâti't-Türk. (Seçkin Erdi, vd. Çev.), İstanbul: Kabalıcı, 2005.
- Kostenko, 1880 — *Kostenko L.* Turkistanskiy Kray, Opit Voyenno Statistiçeskogo Obozreniya Turkestanskogo Voyennogo Okrug. C. 3. SPb., 1880.
- Matsubara, 2012 — *Matsubara M.* Göçebeliğin Dünyası: Türk Göçebelerinden Çoşlu Yörüklerinin Etnografyası, (K. Sugihara, Çev.), Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 2012.
- Mert, 2009 — *Mert O.* Ötüken Uygur Dönemi Yazıtlarından Tes – Tariat – Şine Us. Ankara, 2009.
- Ögel, 1978 — *Ögel B.* Türk Kültür Tarihine Giriş. C. I. Ankara: Kültür Bakanlığı, 1978.
- Ögel, 2019 — *Ögel B.* Büyük Hun İmparatorluğu Tarihi. C. I. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2019.
- Radloff, 1976 — *Radloff W.* Sibiryadan (Seçmeler), (A. Temir, Çev.), İstanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1976.
- Rubruk, 2020 — *Rubruk W.* von. Moğolların Büyük Hanı'na Seyahat, 13. Yüzyılda İstanbul'dan Karakurum'a Yolculuk. İstanbul: Kronik, 2020.
- Şahin, 2020 — *Şahin İ.* “Göç” Kavramı Üzerine, *Yörük Araştırmaları-2*, F. Uslu, C. Kökus (Ed.) içinde. Konya: Palent, 2020. Pp. 15–24.
- Tekin, 1982 — *Tekin T.* Kuzey Moğolistan'da Yeni Bir Uygur Anıtı: Taryat/Terhin Kitabesi, TTK Belleten, 1982. Vol. XLVI. Pp. 184, 795–838.
- Tezcan, 1990 — *Tezcan M.* Eski Türklerde Damga [Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi]. Erzurum: Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1990.
- Ülken, 1969 — *Ülken H.Z.* Sosyoloji Sözlüğü, İstanbul: MEB, 1969.
- Vladimirtsov, 1995 — *Vladimirtsov, B. Y.* Moğolların İçtimai Teşkilâtı, (A. İnan, Çev.), 3. Baskı. Ankara: TTK, 1995.
- Yusuf Has Hacib, 2006 — *Yusuf Has Hacib.* Kutadgu Bilig. (R.R. Arat, Çev.), İstanbul: Kabalıcı, 2006.

**References**

- Ak, 2022 — *Ak M.* Teke Yörükleri (1800–1900) [Teke Yörüks (1800-1900)]. Ankara: TTK, 2022. (In Turk.).
- Altay, 1981 — *Altay H.* Anayurttan Anadolu'ya [From the Homeland to Anatolia]. Kültür Bakanlığı, 1981. (In Turk.).
- Alimbay, Uali, 2012 — *Alimbay N., Uali N., et al.* Qazaqtñ étnografıyalıq kategorıyalar, uğımdar men atawlarınıñ дәstürli jüyesi. [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names.]. Almati, 2012. (In Kaz.).
- Barthold, 1951 — *Barthold W.W.* Die persische Inschrift an der Mauer der Manucehr-Moschee zu Ani, Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft, 1951. Pp. 241–269.
- Bukhat, 1973 — *Bukhat B.* Kazakh jane mongol tilderinin salıstırmalı tarihi gramatikası [Comparative historical grammar of the Kazakh and Mongolian languages]. Ulgiı, 1973. (In Kaz.).
- Baykara, 2009 — *Baykara T.* Türk Adının Anlamı [Meaning of Turkish Name]. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 2009. (In Turk.).
- Ercenek, 1996 — *Ercenek G.* Antalya Bölgesi Yörükleri Göç Yolları [Migration Routes of the Antalya Region Yoruks]. I. Akdeniz Yöresi Türk Toplulukları Sosyo-Kültürel Yapısı (Yörükler). [Sempozyumu Bildirileri], 25–26 Nisan 1994 Antalya, içinde. Ankara: Kültür Bakanlığı, 1996. Pp. 133–138. (In Turk.).

- Eröz, 1991 — *Eröz M. Yörükler* [Yoruks]. İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, 1991. (In Turk.).
- Gökyay, 2007 — *Gökyay O.Ş. Dedem Korkudun Kitabı* [Dedem Korkud Book]. İstanbul: Kabalıcı, 2007. (In Turk.).
- İnan, 2020 — *İnan A. Altayda Pazırık Kazısında Çıkarılan Atların Durumu Türklerin Defin Törenleri Bakımından Açıklama* [The Condition of the Horses Unearthed in the Pazyryk Excavation in Altay, Explanation in Terms of Burial Ceremonies of the Turks]. Makaleler ve İncelemeler, C. II, içinde. Ankara: TTK, 2020. Pp. 261–268. (In Turk.).
- Toyshanuly, 2009 — *Toyshanuly A. Turik – Mongol Mifologiyasy* [Turkic-Mongol Mythology]. Almaty: Baspalar Uy’, 2009. (In Kaz.).
- Tsevel, 1966 — *Tsevel Y. Mongol helnii tovch tailbar toli* [A brief dictionary of the Mongolian language]. Ulaanbaatar: Ulsiin khevleliin HEKH, 1966. (In Mong.).
- Karamendina, 2021 — *Karamendina M. Kazak Halkının Tanbaları jane urandarı* [Symbols and mottos of the Kazakh people]. Almaty: Arıs, 2021. (In Kaz.).
- Karataş, 2017 — *Karataş M. Göçerevlilik ve Yerleşiklik Bağlamında Selçuknâme’deki Kültür Unsurları Cultural Elements in Seljukname in the Context of Nomadism and Settlement*. C. XLII. Tübar, 2020. Pp. 127–170. (In Turk.).
- Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü I, 1992 — *Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü I* [Comparative Dictionary of Turkish Dialects I]. (A.B. Ercilasun vd. Çev.), Ankara. Kültür Bakanlığı, 1992. (In Turk.).
- Kâşgarlı, 2005 — *Kâşgarlı Mahmud. Divânü Lugâti’t-Türk* [Divânü lugâti’t-Türk]. (Seçkin Erdi, vd. Çev.), İstanbul: Kabalıcı, 2005. (In Turk.).
- Kostenko, 1880 — *Kostenko L. Turkistanskiy Kray, Opit Voyenno Statistiçeskogo Obozreniya Turkestanskogo Voyennogo Okrugı. C. 3. SPb., 1880.*
- Matsubara, 2012 — *Matsubara M. Göçebeliğin Dünyası* [The World of Nomadism]: Türk Göçebelerinden Çoşlu Yörüklerinin Etnografyası, (K. Sugihara, Çev.), Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 2012. (In Turk.).
- Mert, 2009 — *Mert O. Ötüken Uygur Dönemi Yazıtlarından Tes – Tariat – Şine Us* [Tes – Tariat from the Otuken Uyghur Period Inscriptions – Shine Us]. Ankara, 2009. (In Turk.).
- Ögel, 1978 — *Ögel B. Türk Kültür Tarihine Giriş* [Introduction to Turkish Cultural History]. C. I. Ankara: Kültür Bakanlığı, 1978. (In Turk.).
- Radloff, 1976 — *Radloff W. Sibirya’dan (Seçmeler)* [From Siberia (Selections)]. (A. Temir, Çev.), İstanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1976. (In Turk.).
- Rubruk, 2020 — *Rubruk W. von. Moğolların Büyük Hanı’na Seyahat, 13. Yüzyılda İstanbul’dan Karakorum’a Yolculuk* [Journey to the Great Khan of the Mongols, Journey from Istanbul to Karakorum in the 13th Century]. İstanbul: Kronik, 2020. (In Turk.).
- Şahin, 2020 — *Şahin İ. “Göç” Kavramı Üzerine* [On the Concept of “Migration”]. Yörük Araştırmaları-2, F. Uslu, C. Kökus (Ed.) içinde. Konya: Palent, 2020. Pp. 15–24. (In Turk.).
- Tekin, 1982 — *Tekin T. Kuzey Moğolistan’da Yeni Bir Uygur Anıtı* [A New Uyghur Monument in Northern Mongolia]: Taryat/Terhin Kitabesi, TTK Belleten, 1982. Vol. XLVI. Pp. 184, 795–838. (In Turk.).
- Tezcan, 1990 — *Tezcan M. Eski Türklerde Damga* [Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi]. Erzurum: Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1990. (In Turk.).
- Ülken, 1969 — *Ülken H.Z. Sosyoloji Sözlüğü* [Sociology Dictionary]. İstanbul: MEB, 1969. (In Turk.).
- Vladimirtsov, 1995 — *Vladimirtsov, B. Y. Moğolların İçtimai Teşkilâtı* [Social Organization of the Mongols]. (A. İnan, Çev.), 3. Baskı, Ankara: TTK, 1995. (In Turk.).
- Yusuf Has Hacib, 2006 — *Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig* [Kutadgu Bilig]. (R.R. Arat, Çev.), İstanbul: Kabalıcı, 2006. (In Turk.).

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

<b>Буланов Е.О.</b> ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	633
<b>Каримов Қ.С., Гокче М., Түрсүн Х.М.</b> ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	650

### ТАРИХ

<b>Абдимомынов Н.Т., Сауырқан Е.</b> ВЕНЕЦИЯ, ГЕНУЯ ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДА: XIII–XIV ҒҒ. СОЛТҮСТІК ҚАРА ТЕҢІЗДЕГІ ТРАНСКОНТИНЕНТАЛДЫҚ САУДА-САТТЫҚТЫҢ ДАМУЫ.....	662
<b>Абуов Н.А., Ильясова Г.С., Уалиева С.К.</b> СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТАЛДАУЫ.....	679
<b>Абылов Т.Т., Муталиев М.Қ., Қазмұханов Р.М.</b> АЛТЫН ОРДА МЕН МӘМЛҮК МЕМЛЕКЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ДІННІҢ РӨЛІ.....	696
<b>Байгабатова Н.К., Ишкалова Г.И.</b> XIX–XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН ЗЕРТТЕУДЕ АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ ДЕРЕК РЕТІНДЕ (ҚР ОМА ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	709
<b>Болатхан Ә.</b> ЗАҢДЫЛЫҚ – ИДЕОЛОГИЯ, ШЕТТЕТУ – ТӘЖІРИБЕ: КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «ЖАЗАЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР» (1948–1953).....	727
<b>Доскараева А.А., Мұхатова О.Х.</b> XVII ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫ – XVIII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ-БҰХАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ (САЯСИ АСПЕКТ).....	743
<b>Дьякова Е.В.</b> НЕМІС ОККУПАЦИЯСЫНДАҒЫ ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ: ХАРЬКОВТАҒЫ «ЖАҢА УКРАИНА» ГАЗЕТІНІҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ РӨЛІ (1941–1943).....	760
<b>Исмагулов Ұ.Ш., Конбай Е.</b> 1920-ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР МӘСЕЛЕСІ (АҚТӨБЕ АРХИВИ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША).....	773
<b>Йорулмаз О., Токжигитова М.А.</b> ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНЕН РЕПРЕССИЯҒА ҰШЫРАҒАН МҰСЫЛМАН ДІНБАСЫЛАРЫ (1920–1940 ЖЖ.).....	787
<b>Қаипбаева А.Т., Белялова А.</b> ПАНАСЫЗ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІ (1920–1930 жж.).....	803
<b>Қара Ә., Тайман С.Т. Жарбулова С.Т.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МИССИЯСЫ.....	823
<b>Сейітханұлы Ш.</b> ТҮРІКТЕР МЕН МОҢҒОЛДАРДЫҢ КӨШПЕЛІ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ОРТАҚ ҚЫРЛАРЫ.....	840
<b>Сүлейменова А.Т.</b> КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ КҮШТЕП ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ ДӘСТҮРЛІ РУЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖОЮ ШАРАЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ (XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫ).....	855
<b>Ташагыл А., Нұрсұлтанова Л.Н., Танатарова Ж.Т.</b> ИРАН-ТӘЖІК САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ.....	872

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Есенаманова А.С., Қалыш А.Б.</b> ДӘСТҮРЛІ КИІМ АРҚЫЛЫ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТТІ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ: ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮРКІ МӘДЕНИ МҰРАСЫ.....	887
<b>Қалшабаева Б.К., Егізбаева М.Қ.</b> ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫСЫНДАҒЫ ҚАНДАСТАР: КӨШІ-ҚОНЫ МЕН БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	900
<b>Сыздықова Г.М.</b> СОЛТҮСТІК, ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ (2009–2024 ЖЖ.).....	916

## СОДЕРЖАНИЕ

## ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

<b>Буланов Е.О.</b> ПРОБЛЕМЫ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОДИТЕЛЬНОГО ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА.....	633
<b>Каримов К.С., Гокче М., Турсун Х.М.</b> ВОПРОСЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ В ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕКОВА.....	650

## ИСТОРИЯ

<b>Абдимомынов Н.Т., Сауыркан Е.</b> ВЕНЕЦИЯ, ГЕНУЯ И ЗОЛОТАЯ ОРДА: РАЗВИТИЕ ТРАНСКОНТИНЕНТАЛЬНОЙ ТОРГОВЛИ В СЕВЕРНОМ ПРИЧЕРНОМОРЬЕ В XIII–XIV ВЕКАХ.....	662
<b>Абуов Н.А., Ильясова Г.С., Уалиева С.К.</b> МАЛЫЕ ГОРОДА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ: ИСТОРИЯ И АНАЛИЗ ТЕКУЩЕЙ СИТУАЦИИ.....	679
<b>Абылов Т.Т., Муталиев М.К., Казмуханов Р.М.</b> РОЛЬ РЕЛИГИИ В ОТНОШЕНИЯХ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ И МАМЛЮКСКОГО ГОСУДАРСТВА.....	696
<b>Байгабатова Н.К., Ишкалова Г.И.</b> АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ В XIX – НАЧАЛЕ XX В. (НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТОВ ЦГА РК).....	709
<b>Болатхан А.</b> ИДЕОЛОГИЯ ЗАКОННОСТИ И ПРАКТИКА ИСКЛЮЧЕНИЯ: «НАКАЗАННЫЕ НАРОДЫ» В СИСТЕМЕ СПЕЦПОСЕЛЕНИЙ (1948–1953 ГГ.).....	727
<b>Доскараева А.А., Мухатова О.Х.</b> КАЗАХСКО-БУХАРСКИЕ ВЗАИМОТНОШЕНИЯ В 30-Х ГОДАХ XVII ВЕКА – ПЕРВОЙ ЧЕТВЕРТИ XVIII ВЕКА (ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ).....	743
<b>Дьякова Е.В.</b> АГИТАЦИОННАЯ РАБОТА ПОД НЕМЕЦКОЙ ОККУПАЦИЕЙ: ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ РОЛЬ ГАЗЕТЫ «НОВАЯ УКРАИНА» В ХАРЬКОВЕ (1941–1943).....	760
<b>Исмагулов У.Ш., Конбай Е.</b> ГОЛОД НАЧАЛА 1920-Х ГГ. И ПРОБЛЕМЫ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ (ПО ДАННЫМ АКТЮБИНСКОГО АРХИВА).....	773
<b>Йорулмаз О., Токжигитова М.А.</b> РЕПРЕССИРОВАННОЕ МУСУЛЬМАНСКОЕ ДУХОВЕНСТВО ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА 1920–1940-Х ГОДОВ.....	787
<b>Каипбаева А.Т., Белялова А.</b> ГОСУДАРСТВЕННАЯ СИСТЕМА СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ (1920–1930 ГГ.).....	803
<b>Кара А., Тайман С.Т., Жарбулова С.Т.</b> ИДЕИ МУСТАФЫ ЧОКАЕВА И СТРАТЕГИЧЕСКАЯ МИССИЯ ОРГАНИЗАЦИИ ТЮРКСКИХ ГОСУДАРСТВ.....	823
<b>Сейтхан Ш.</b> ОБЩИЕ ЧЕРТЫ КОЧЕВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ ТЮРКОВ И МОНГОЛОВ.....	840
<b>Сулейменова А.Т.</b> НАСИЛЬСТВЕННОЕ ОСЕДАНИЕ КОЧЕВЫХ И ПОЛУКОЧЕВЫХ ХОЗЯЙСТВ КАК ОДНА ИЗ МЕР ПО ИСКОРЕНЕНИЮ ТРАДИЦИОННЫХ РОДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ (30-Е ГОДЫ XX ВЕКА).....	855
<b>Ташагил А., Нурсултанова Л.Н., Танатарова Ж.Т.</b> ИРАНО-ТАДЖИКСКИЕ ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	872

## ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Есенаманова А.С., Калыш А.Б.</b> РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЧЕРЕЗ ТРАДИЦИОННЫЙ КОСТЮМ: ТЮРКСКОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ В МУЗЕЙНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСТАНА.....	887
<b>Калшабаева Б.К., Егизбаева М.К.</b> КАНДАСЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА: ПРОБЛЕМЫ МИГРАЦИИ И АДАПТАЦИИ.....	900
<b>Сыздыкова Г.М.</b> ИЗМЕНЕНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЫ НАСЕЛЕНИЯ ОБЛАСТНЫХ ЦЕНТРОВ СЕВЕРНОГО, ЦЕНТРАЛЬНОГО И ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА (2009–2024 ГГ.).....	916



## CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

<b>Bulanov E.O.</b> THE ISSUES OF THE NATIONAL LIBERATION UPRISING OF 1916 IN THE WORKS OF ILYAS ZHANSUGUROV.....	633
<b>Karimov K.S., Gökçe M., Tursun Kh.M.</b> ISSUES OF NATIONAL IDENTIFICATION IN UZBEKALI ZHANIBEKOV’S SOCIAL AND POLITICAL ACTIVITIES.....	650

## HISTORY

<b>Abdimomynov N.T., Sauyrkan Ye.</b> VENICE, GENOA, AND THE GOLDEN HORDE: THE DEVELOPMENT OF TRANSCONTINENTAL TRADE IN THE NORTHERN BLACK SEA REGION IN THE 13TH–14TH CENTURIES.....	662
<b>Abuov N.A., Ilyassova G.S., Ualiyeva S.K.</b> SMALL TOWNS OF THE NORTH KAZAKHSTAN REGION: HISTORY AND ANALYSIS OF THE CURRENT SITUATION.....	679
<b>Abylov T.T., Mutaliyev M.Kh., Kazmukhanov R.M.</b> THE ROLE OF RELIGION IN RELATIONS BETWEEN THE GOLDEN HORDE AND THE MAMLUK STATE.....	696
<b>Baigabatova N.K., Ishkalova G.I.</b> ARCHIVAL MATERIALS AS A SOURCE FOR STUDYING LAND CONFLICTS IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES (BASED ON DOCUMENTS FROM THE CENTRAL STATE ARCHIVES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN).....	709
<b>Bolatkhana A.</b> LEGALITY AS IDEOLOGY AND EXCLUSION AS PRACTICE: THE “PUNISHED PEOPLES” IN THE SYSTEM OF SPECIAL SETTLEMENTS (1948–1953).....	727
<b>Doskarayeva A.A., Mukhatova O.Kh.</b> KAZAKH-BUKHARA RELATIONS IN THE 30S OF THE 17TH CENTURY AND THE FIRST QUARTER OF THE 18TH CENTURY (THE POLITICAL ASPECT).....	743
<b>Dyakova He.V.</b> AGITATION WORK UNDER THE GERMAN OCCUPATION: THE IDEOLOGICAL ROLE OF THE NEWSPAPER “NOVA UKRAINE” IN KHARKOV (1941–1943).....	760
<b>Ismagulov U.S., Konbay Y.</b> THE PROBLEM OF FAMINE AND HOMELESS CHILDREN IN EARLY 1920S (BASED ON AKTOBE ARCHIVE).....	773
<b>Yorulmaz O., Tokzhigitova M.A.</b> REPPRESSED MUSLIM CLERGY IN SOUTH KAZAKHSTAN (1920s–1940s).....	787
<b>Kaipbayeva A.T., Belyalova A.</b> THE STATE SYSTEM OF SOCIAL PROTECTION FOR HOMELESS CHILDREN (1920s–1930s).....	803
<b>Kara A., Taiman S., Zharbulova S.</b> THE IDEAS OF MUSTAFA CHOKAYEV AND THE STRATEGIC MISSION OF THE ORGANIZATION OF TURKIC STATES.....	823
<b>Syeitkhan Sh.</b> COMMON ASPECTS OF THE NOMADIC LIFE OF TURKIC AND MONGOLS.....	840
<b>Suleimenova A.T.</b> FORCED SETTLEMENT OF NOMADIC AND SEMI-NOMADIC FARMS AS ONE OF THE MEASURES TO ERADICATE TRADITIONAL TRIBAL RELATIONS (THE 30S OF THE TWENTIETH CENTURY).....	855
<b>Tasagil A., Nursultanova L.N., Tanatarova Zh.T.</b> IRANIAN-TAJIK TRADE AND ECONOMIC RELATIONS: CURRENT STATE AND PROSPECTS.....	872

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

<b>Yessenamanova A.S., Kalysh A.B.</b> THE REPRESENTATION OF MATERIAL CULTURE THROUGH TRADITIONAL COSTUME: THE TURKIC CULTURAL HERITAGE IN THE MUSEUMS SPACE OF KAZAKHSTAN.....	887
<b>Kalshabayeva B.K., Egizbaeva M.K.</b> THE KANDAS OF EASTERN KAZAKHSTAN: MIGRATION AND ADAPTATION ISSUES.....	900
<b>Syzdykova G.M.</b> CHANGING THE ETHNIC STRUCTURE OF THE POPULATION OF THE REGIONAL CENTERS OF NORTHERN, CENTRAL AND EASTERN KAZAKHSTAN (2009–2024).....	916

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**

2025. 12 (3)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй